

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**2016-2017 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілістерінің ҚАУЛЫЛАРЫ**

Ahmet Yasawi University

**Түркістан – 2017 ж.**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2016-2017 оқу жылындағы**  
**№8 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы  
Сағат 11:00  
Ректорат – Сенат залы  
Қатысқандар – 25 мүше, кафедра меңгерушілері

17 наурыз 2017 ж.

**Күн тәртібі:**

1. Білім беру бағдарламаларын сараптамадан өткізу туралы (*ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева*).
2. ХҚТУ-дің 2016-2017 оқу жылындағы ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспар бойынша орындалу деңгейі (*Әдістемелік бөлім басшысы - Г.Г.Еркибаева*)
3. Әр түрлі мәселелер:
  - 3.1. 2017-2018 оқу жылына университет бойынша үзіліс мерзімін ұзарту және кейбір (клиникалық) пәндерді мамандық ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастыру туралы (*Медицина факультетінің деканы – М.С.Жүнісов*).
  - 3.2. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде қойылатын талаптарға ұсыныс беру (*Жұмыс тобының жетекшісі - Е.Т.Маханбет*).
  - 3.3. Білім алушылардың тіл деңгейін жоғарлату бойынша ұсыныстар (лабораториялық сабақтар енгізу туралы) (*Филология факультетінің деканы – Н.Қ.Айтбаева, Дайындық факультетінің деканы - Ахмед Гүнгөр*).
  - 3.4. Университетте жазбаша емтиханды бағалау критерийлерін жасау туралы (*Жедел медициналық жәрдем және емханалық терапия кафедрасының меңгерушісі – А.С.Бабаева*).
  - 3.5. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларына өзгерістер туралы (*Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы – С.М.Мухиддинова*).
  - 3.6. ШМИ Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің 2017-2018 оқу жылына академиялық күнтізбесіне өзгерістер енгізу туралы (*Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы – А.А.Сариева*).
  - 3.7. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту (*Эксперттік комиссия төрайымы – Г.Г.Еркибаева, эксперттік комиссия мүшесі – У.Маханбетова*).

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1.1. Факультеттерде Білім беру бағдарламаларын сараптамадан өткізу іс-шаралары ұйымдастырылсын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).
- 1.2. Факультет деңгейінде кесте бойынша сала мамандарының қатысуымен кеңейтілген Кеңес ұйымдастырылып, жұмыс берушілер, түлектер, студенттер және оқытушылардың пікірлері, ұсыныстары мен сауалнама нәтижелері талқыланып, хаттамаға енгізілсін. Хаттама факультет кеңесінді талдансын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).
- 1.3. Кезекті университет ОӘК-де ұсыныстар мен БББ-ға енгізілетін толықтырулар мен

өзгерістер баяндалсын (*Жауапты: факультет декандары*).

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**2.1.** ХҚТУ-дің 2016-2017 оқу жылындағы ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспар бойынша орындалу деңгейі туралы мәліметтер есепке алынсын.

**2.2.** Басылымдарды жоспар бойынша Әдістемелік бөлімге тапсыру факультет декандары мен факультет Оқу-әдістемелік кеңес төрағалары тарапынан қадағалансын (*Жауапты: факультет декандары, Оқу-әдістемелік кеңес төрағалары*).

**2.3.** Факультет, кафедра деңгейінде жасалатын оқу, оқу-әдістемелік сала бойынша есептерде орындалу деңгейі көрсетілсін (*Жауапты: факультет декандары, Оқу-әдістемелік кеңес төрағалары*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша:**

**Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.1.1.** Университет бойынша аудиториялық қорының оңтайлы жағдайы қарастырылсын (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, факультет декандары*).

**3.1.2.** Шетелдік ЖОО тәжірибесінде мәселеге қатысты шешімдері мен жолдары талдансын (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, факультет декандары*).

**3.1.3.** Оқу-әдістемелік кеңестің кезекті мәжілісіне ұсыныстар берілсін (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, факультет декандары*).

**3.2.1.** Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде қойылатын талаптар бойынша Жоба нұсқасы факультеттерге талқылауға және ұсыныстар беру үшін таратылсын (*Жауапты: Жұмыс тобының жетекшісі - Е.Т.Маханбет*).

**3.2.2.** Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау талаптарына өзгерістер енгізілсін, ашық сабақты бағалаудың нақты критерийлері жасалып, бекітілсін (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева*).

**3.3.1.** Лабораториялық сабақтарды енгізу Филология және Дайындық факультеттерінің деңгейінде талқылансын (*Филология факультетінің деканы – Н.Қ.Айтбаева, Дайындық факультетінің деканы - Ахмед Гүнгөр*).

**3.3.2.** Лабораториялық сабақтарды өтудің деңгейлік бағдарламасы жасалсын (*Филология факультетінің деканы – Н.Қ.Айтбаева, Дайындық факультетінің деканы - Ахмед Гүнгөр*).

**3.3.3.** Білім алушылардың тілді меңгеру деңгейін жоғарылату мақсатында білім нәтижесін Сертификаттауды енгізу қарастырылсын (*Жауапты: Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент – Б.Б.Ахметов*).

**3.3.4.** 2017-2018 оқу жылынан бастап Дайындық факультеті мен бакалавриат бағдарламасы бойынша оқитын мамандықтардың негізгі оқу жоспарына ағылшын тілі мен түрік тілдері лабораториялық сабақ болып енгізілсін (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, факультет декандары*).

**3.3.5.** 2017-2018 оқу жылына Филология және Дайындық факультеттерінде ағылшын және түрік тілінде сабақ беретін ОПҚ жылдық жүктеме мөлшерін төмендету, БББ барлық деңгейде қайта жасалу, пәндер Каталогына өзгерістер енгізу қарастырылсын (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

**3.4.1.** Университет факультеттерінде жазбаша емтиханды бағалау критерийлерін түсіндіру іс-шаралары ұйымдастырылсын (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, Жұмыс тобының жетекшісі – А.С.Бабаева*).

**3.4.2.** Барлық факультеттер деңгейінде 10 сәуірге дейін кесте бойынша Жұмыс тобының ұйымдастыруымен қысқа мерзімді курстар жүргізілсін (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева, Жұмыс тобының жетекшісі – А.С.Бабаева*).

**3.4.3.** Барлық факультеттердің мамандық пәндері бойынша 25.04.2017 ж. дейін жазбаша емтихан сұрақтарының жауап эталондары жасалып, бекітілсін (*Жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері*).

**3.5.1.** Практикадан өту үшін мекемелермен жасалатын келісім-шарттардың мерзімі ҚР БЖҒМ 2016 ж. 29 қаңтардағы №107 бұйрықтың 2-бап, 16-тармағына сәйкес «Жоғары оқу орындары білім алушылардың кәсіптік практика базаларымен келісім-шарт практика басталғанға дейін бір ай бұрын мерзімде» жасалсын (*Жауапты: Кафедра меңгерушілері, Жұмысқа орналастыру орталығы*).

**3.5.2.** ЖОО басшысының бұйрығымен практикадан өтуге жіберілген білім алушыларға осы бұйрықтың 7-тармағында көрсетілген 1-қосымшаға сәйкес Жолдама, 18-тармағында көрсетілген 2-қосымшаға сәйкес Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі мен 3-қосымшаға сәйкес Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік-есебі берілсін (*Жауапты: Практика жетекшілері*).

**3.5.3.** Тілдік мамандықтардың Оқу-әдістемелік бірлестіктерімен байланысып, мамандықтардың Негізгі оқу жоспарына Тілдік практика түрін енгізу мәселесі анықталсын (*Жауапты: мамандық дайындайтын кафедра меңгерушілері, Әдістемелік бөлім*).

**3.6.1.** 2017-2018 оқу жылына университет бойынша барлық мамандықтар үшін 1 қыркүйек Құрбан айт мейрамын ескере отырып, сабақтар 4 қыркүйектен басталсын (*Жауапты: ОӘО басшысы – У.Б.Татыкаева*).

**3.6.2.** Интернаттура мен резиденттура мамандықтарының сабақ кестесін жасау барысында республикалық дәрежедегі мереке күндерді ескере отырып, 2 семестрдегі теориялық оқу аптасы 1 аптаға ұзартылсын (*Жауапты: Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы – А.А.Сариева*).

**3.6.3.** ҚР БЖҒМ тарапынан тағайындалатын жоғары білім беру үдерісінде босаған білім беру гранттарың иемдену конкурсына қатыса алу мүмкіндігін арттыру үшін (15 қаңтарда БЖҒМ-не қол қоюға берілу керек) интернаттура және резиденттура мамандықтарының теориялық оқу апталарына диспропорция жасалсын (*Жауапты: Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы – А.А.Сариева*).

**3.6.4.** 2017-2018 оқу жылына университет бойынша академиялық күнтізбесіне өзгерістер енгізу туралы Сенатқа ұсынылсын.

**3.7.1.** Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулары тізім бойынша бекітілсін.

### **ФИЛОЛОГИЯ**

1. «Қазақ филологиясы және журналистика» кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к. Ш.П.Қарсыбекова дайындаған «Қазақ тілі» атты оқу құралын;

2. «Әлем тілдері» кафедрасының аға оқытушылары Г.Ә.Жамантаева, А.А.Батаева дайындаған «Қытай тілінің фонетика курсы» атты оқу құралын;

3. «Қазақ филологиясы және журналистика» кафедрасының доценті Б.Сердәлі, «Әлем тілдері» кафедрасының магистрлері Б.Абиев, Б.Бесимбаев дайындаған «Жанровые особенности публицистического стиля» атты оқу құралын;

4.«Әлем тілдері» кафедрасының оқытушысы М.К.Жорабекова дайындаған «Преподавание русского языка на неязыковых факультетах» атты оқу-әдістемелік құралын;

5.«Әлем тілдері» кафедрасының доценті, ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева дайындаған «Современный русский язык. Синтаксис» атты оқу құралын;

#### **ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

6.«Дінтану» кафедрасының аға оқытушысы, филос.ғ.к. М.М.Мырзабеков дайындаған «Ислам философиясы» атты оқулығын;

7.«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы Ж.Қ.Дүйсенова дайындаған «Балалар психологиясы» атты электрондық оқулығын;

8.«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Қ.Т.Атемова дайындаған «Әлеуметтік педагогика» атты электрондық оқулығын;

#### **ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**

9.«Менеджмент және туризм» кафедрасының доценті, э.ғ.к. Р.И.Ерманкулова дайындаған «Менеджмент ғылымына кіріспе» атты оқу құралын;

#### **ШМИ**

10.«Жалпы клиникалық пәндер» кафедрасының профессоры м.а., м.ғ.д. А.М.Дауреханов дайындаған «Жалпы патологиялық процестер мен ісіктер алгоритмдері» атты оқу құралын;

11.«Педиатрия» кафедрасының аға оқытушысы, м.ғ.к. Н.Н.Бекенов, «Акушерлік-гинекология» кафедрасының оқытушысы А.Т.Туганбаева дайындаған «Нарушение полового развития у девочек» атты оқу-әдістемелік құралын;

12.«Акушерлік-гинекология» кафедрасының доценті, м.ғ.к. Л.М.Бегімбекова дайындаған «Акушерия және гинекологиядағы клиникалық жағдайларға негізделген оқыту - СВЛ» атты оқу-әдістемелік құралын;

13.«Акушерлік-гинекология» кафедрасының оқытушылары М.А.Жапар, И.С.Саркулова дайындаған «Климактік синдром және орын басушы гормоналдық терапия» атты оқу-әдістемелік құралын;

14.«Акушерлік-гинекология» кафедрасының оқытушылары Р.Я.Утепова, И.С.Саркулова, Ж.М.Кулжабаева дайындаған «Акушерлік-гинекологияда қолданылатын зерттеу әдістері, манипуляциялар және оталар» атты оқу-әдістемелік құралын;

15.«Жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының профессоры, м.ғ.д. Н.К.Тузелбаев, доцент, м.ғ.д. Ш.Ж.Жанадилов, О.Ж.Ташимбетова, Ж.А.Ермаханова дайындаған «Біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) дамытудың нормативтік-құқықтық негіздері» атты оқу құралын;

16.«Жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының доценті, м.ғ.д. Ш.Ж.Жанадилов, «Терапия» кафедрасының профессоры, м.ғ.д. А.М.Абдухалыков, З.А.Бекназарова дайындаған «Амбулаториялық-емханалық медициналық көмек» атты оқу құралын;

#### **ӨНЕР**

17.«Дене тәрбиесі» кафедрасының доцент м.а., PhD доктор Б.С.Омаров дайындаған «Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі» атты оқу құралын;

18.«Бейнелеу өнері» кафедрасының доцент м.а., п.ғ.к. Б.Б.Жолдасова дайындаған «Қазақ қолөнері» атты оқу құралын;

#### **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ**

19.«Биология» кафедрасының доценті, а-ш.ғ.к. Р.Дайрабаев, аға оқытушы Г.Абишова дайындаған «Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыру пәнінен практикалық (семинар) сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау» атты электрондық оқулығын;

20.«Биология» кафедрасының аға оқытушысы Г.Бабаева, оқытушы А.Е.Сержанова дайындаған «Төменгі сатыдағы өсімдіктер систематикасы» атты оқу-әдістемелік құралын;

21.«Биология» кафедрасының доцент м.а., б.ғ.к. А.М.Сейтметова дайындаған «Микология» атты практикалық сабаққа арналған оқу-әдістемелік құралын;

22.«Физика» кафедрасының профессоры ф-м.ғ.д. Т.А.Турмамбеков, доцент, п.ғ.к. Ә.Х.Сарыбаева, PhD доктор Ш.Ж.Раманкулов дайындаған «Physics» атты электрондық оқу құралын;

23.«Физика» кафедрасының профессоры ф-м.ғ.д. Т.А.Турмамбеков, доцент, п.ғ.к. Ә.Х.Сарыбаева, PhD доктор Ш.Ж.Раманкулов, докторант Б.С.Уалиханова дайындаған «Оптика» атты электрондық оқу құралын;

24.«Математика» кафедрасының профессор м.а., ф-м.ғ.д. Б.Т.Қалымбетов дайындаған «Краевые задачи для обыкновенных дифференциальных уравнений (метод функции Грина)» атты оқу құралын;

25.«Математика» кафедрасының профессор м.а., ф-м.ғ.д. Б.Т.Қалымбетов дайындаған «Қатарлар. Ряды. Series» атты оқу құралын;

26.«Математика» кафедрасының профессор м.а., ф-м.ғ.д. Б.Т.Қалымбетов, докторант Д.А.Сапаков дайындаған «Интегралдық теңдеулерді шешуде компьютерлік математика жүйесін қолдану» атты оқу құралын;

27.«Математика» кафедрасының профессор м.а., ф-м.ғ.д. Б.Т.Қалымбетов, докторант И.М.Омарова дайындаған «Теория пределов и асимптотические разложения» атты оқу құралын;

### **МЕДИЦИНА**

28.«Адам анатомиясы және физиологиясы» кафедрасының аға оқытушысы М.А.Шегебаев және оқытушы А. Мырзалиев дайындаған ағылшын тілінде «Organa digestoria» оқу құралын;

29.«Адам патологиясы» кафедрасының доценті, м.ғ.к. А.Н.Темірбеков, ШМИ «Жалпы клиникалық пәндер» кафедрасының доцент м.а., м.ғ.к. Қ.Т.Құлаев, ШМИ «Ішкі аурулар және жедел жәрдем» кафедрасының доцент м.а., м.ғ.к. Ғ.М.Датқаева дайындаған «Адам анатомиясы бойынша жүйелерінің эталондық жауаптары» атты оқу құралын;

30.«Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының доценті, м.ғ.к. Л.Т.Алимбекова, оқытушы Ғ.А.Айтметова дайындаған «Клиникалық жағдайлар» атты оқу-әдістемелік құралын;

31.«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының доцент м.а., м.ғ.к. Г.О.Нұсқабаева, PhD доктор Қ.Ж.Садыкова, PhD доктор М.Б.Жунисова және «Профилактикалық медицина» кафедрасының доцент м.а., PhD доктор А.М.Гржибовский дайындаған «SPSS статистикалық бағдарламалар дестесін қолдана отырып санаттылық деректеріне талдау жасау» атты оқу құралын;

32.«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының доцент м.а., м.ғ.к. Г.О.Нұсқабаева, PhD доктор Қ.Ж.Садыкова, PhD доктор М.Б.Жунисова және «Профилактикалық медицина» кафедрасының доцент м.а., PhD доктор А.М.Гржибовский дайындаған «Клиникалық медицинада және қоғамдық денсаулық сақтауда ғылыми зерттеулердің негізгі түрлері: жоспарлау, іріктемені есептеу және мәліметтерді талдау» атты оқу құралын;

### **ИНЖЕНЕРИЯ**

33.«Электр инженериясы» кафедрасының доценті Н.Т.Рустамов, аға оқытушы Ғ.А.Шукенова дайындаған «Электр тізбектері I, II» практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік нұсқауын;

34.«Электр инженериясы» кафедрасының магистр-оқытушысы Х.А.Бегимбетова дайындаған «Автоматтандыру және басқарудың техникалық құралдары» атты оқу құралын;

35.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының доценті, техн.ғ.к. Т.Қ.Қойшыева дайындаған «Linux» атты оқу-әдістемелік құралын.

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*

**Хатшы      Г.Примкулова**

*Ahmet Yasawi university*